

Турабаева Гулшат Калыкуловна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры биологии и географии, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160000 г. Шымкент, р-он Карасу, дом 54, кв. 61, тел.: +7-771-637-39-13, e-mail: Gulzat-1976@mail.ru.

Копжасарова Жадыра Бахадыровна – магистр, преподаватель кафедры информатики, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Республика Казахстан, 160000 г. Шымкент, ул. А. Жумабекова 73, тел.: +7-775-284-59-74, e-mail: Jadik-7@mail.ru.

Bozshataeva Gulshat Tugelbayevna* – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor of the Department of biology and geography, M. Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160000 Shymkent, 137 Tyndala Str., tel.: +7-775-833-59-50, e-mail: bozshataeva69@mail.ru.

Turabayeva Gulzat Kalykulovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of biology and geography, M. Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160000 Shymkent, Karasu microdistrict, bld. 54, apt. 61, tel.: +7-771-637-39-13, e-mail: Gulzat-1976@mail.ru.

Kopzhassarova Zhadyra Bakhadyrovna – Master, Lecturer of the Department of computer science, M. Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160000 Shymkent, 73A. Zhumabekov Str., tel.: +7-775-284-59-74, e-mail: Jadik-7@mail.ru.

XFTAP:14.85.35

ӨОЖ:37.0:004

<https://doi.org/10.52269/RWEP252248>

КОЛЛАБОРАТИВТІ ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бузаубакова К.Д. – педагогика ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Педагогика кафедрасының меңгерушісі, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

Елубаева М.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

Бедельбаева А.Е. – магистр, Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының үйлестірушісі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан Республикасы.

Калимжанова Р.Л.* – PhD, қауымдастырылған профессор м.а., Педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының меңгерушісі, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан ақпараттық дәуірде цифрлық технологияларды өз тәжірибесінде жүйелі түрде қолдана алатын, оқу үдерісін ұтымды басқаруды білетін, оқу үдерісін жетілдіру мақсатында үнемі ғылыми зерттеулер жүргізетін, цифрлық технологиялар мен платформаларда жұмыс іздеу шығармашылық ізденістерімен ерекшеленетін мамандарды даярлау бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан бүгінде болашақ педагогтерді цифрлық технологиялармен қаруландырудың маңызы зор.

Мақаланың мақсаты – коллаборативті цифрлық ортада болашақ педагогтердің құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімді жолдарын және ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеуде теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданылды: абстракция, модельдеу, синтез, тестілеу, педагогикалық эксперимент, SWOT талдау және т.б. Келесі ұғымдар зерттелді: «цифрлық сауаттылық», «цифрлық құзыреттілік», «болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі», «ынтымақтасу», «бірлескен цифрлық орта». Цифрлық бірлескен білім беру ортасы білім сапасын басқару процестерін автоматтандыруға және болашақ педагогтердің цифрлық ортада цифрлық оқыту дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін дамытудың артықшылықтары, педагогтердің Еуропалық цифрлық құзыреттілік шеңберінде болашақ педагогтердің цифрлық дағдылары мен цифрлық құзыреттілігінің құрылымы, кооперация-координация-коммуникация- креативтілік ретіндегі «коллаборация» ұғымының мәні, ұсынылып отырған <https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталының құрылымы мен ерекшеліктері анықталды, қазақстандық жоғары оқу орындарының консорциумы құрылды.

Түйінді сөздер: коллаборация, консорциум, білім беру сайты, кәсіби құзыреттілік, цифрлық ресурс, онлайн курс.

ФОРМИРОВАНИЕ ЦИФРОВЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В КОЛЛАБОРАТИВНОЙ ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ

Бузаубакова К.Д. – доктор педагогических наук, ассоциированный профессор, заведующая кафедрой педагогики, Таразский университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Республика Казахстан.

Елубаева М.С. – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры педагогики, Таразский университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Республика Казахстан.

Бедельбаева А.Е. – магистр, координатор Комиссии по обеспечению качества, Жетысуский университет имени И. Жансугурова, г.Талдыкорган, Республика Казахстан.

Калимжанова Р.Л. – PhD, и.о. ассоциированного профессора, заведующая кафедрой педагогики, психологии и специального образования, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г.Костанай, Республика Казахстан.*

Информационный век требует глобально конкурентоспособных педагогов, способных системно использовать цифровые технологии в своей практике, умеющих рационально управлять образовательным процессом, постоянно проводящих научные исследования с целью совершенствования образовательного процесса, обладающих развитыми цифровыми и творческими компетенциями. Именно поэтому важно оснащать современных будущих педагогов цифровыми технологиями.

Цель статьи заключается в определении эффективных путей и особенностей формирования цифровых компетенций будущих педагогов в коллаборативной среде.

В исследованиях использованы теоретические и эмпирические методы исследования: абстрагирование, моделирование, синтезирование, тестирование, педагогический эксперимент, SWOT-анализ и т.д. Были исследованы понятия: «цифровая грамотность», «цифровая компетентность», «цифровая компетентность будущих педагогов», «коллаборация», «коллаборативная цифровая среда». Цифровая коллаборативная образовательная среда позволяет автоматизировать процессы управления качеством образования и развивать навыки цифрового обучения будущих учителей в цифровой среде. Были раскрыты преимущества формирования цифровой компетентности будущих педагогов, структура цифровых навыков и цифровой компетентности будущих педагогов в рамках Европейской системы цифровых компетенций педагогов, сущности понятия «коллаборация» как 4К: кооперация–координация–коммуникация–креативность, структура и особенности предлагаемого педагогического образовательного портала <https://edu-collaboration.kz/>.

По результатам исследования сделан контент и дискурс-анализ по классификации коллаборации как вида социального сотрудничества, создан Консорциум казахстанских вузов.

Ключевые слова: коллаборация, консорциум, образовательный сайт, профессиональная компетентность, цифровой ресурс, онлайн курс.

DEVELOPING DIGITAL COMPETENCES OF FUTURE TEACHERS IN A COLLABORATIVE DIGITAL ENVIRONMENT

Buzaubakova K.D. – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of Pedagogy, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Republic of Kazakhstan.

Yelubayeva M.S. – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor of the Department of Pedagogy, M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Republic of Kazakhstan.

Bedelbayeva A.E. – master, Coordinator of the Quality Assurance Commission, I. Zhansugurov Zhetysu university, Tal dykorgan, Republic of Kazakhstan.

Kalimzhanova R.L. – PhD, Associate Professor, Head of the Department of Pedagogy, Psychology and Special Education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

The information age demands globally competitive educators who are capable of systematically using digital technologies in their practice, efficiently managing the educational process, conducting scientific research to improve education, and possessing advanced digital and creative competencies. This is why it is crucial to equip modern future educators with digital technologies. The purpose of this article is to identify effective ways of forming digital competencies in future educators within a collaborative digital environment. The research utilizes theoretical and empirical methods, including abstraction, modeling, synthesis, testing, pedagogical experiments, SWOT analysis, etc. The concepts of "digital literacy," "digital competence," "digital competence of future educators," "collaboration," and "collaborative digital environment" were explored. The digital environment for collaborative learning allows for the automation of quality management processes in education and the development of digital teaching skills in a digital environment among future teachers. The advantages of developing digital competence in future educators were revealed; the structure of digital skills and digital competence of future educators within the European Digital Competence Framework for Educators; the essence of the concept of "collaboration" as 4Cs: cooperation, coordination, communication,

creativity; and the structure and features of the proposed educational portal <https://edu-collaboration.kz/> were discussed. Based on the research results, content and discourse analysis were carried out to classify collaborations as a form of social cooperation, and a Consortium of Kazakhstani Universities was created.

Key words: *collaboration, consortium, educational site, professional competence, digital resource, online course.*

Кіріспе. ХХІ ғасырда қоғамды ақпараттандырудың жедел қарқыны ақпараттық ортаның ауқымын бұрын-соңды болмаған жаһандық деңгейге дейін кеңейтті. Ақпараттық ғасыр бәсекеге қабілетті, цифрлық технологияларды өз іс-тәжірибесінде жүйелі қолдана алатын, оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру мақсатында үнемі ғылыми ізденістерді жүргізетін жаңа формация мұғалімдерін талап етеді.

Ақпараттар ағыны толастаған жаңа ғасырда Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының коллаборативті цифрлы білім беру ортасын құру арқылы инновациялық ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізе алатындай болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында: «...Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету – аса өзекті міндет.

Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды.

... Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек.» – деп атап өткендей, Қазақстанда педагогикалық саланы жаңғырту міндеті қойылуда [1, 1 б.].

Зерттеудің мақсаты: коллаборативті цифрлық ортада болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру ерекшеліктері мен тиімді жолдарын ашып көрсету.

Зерттеудің міндеттері:

1) DigCompEdu стандарты шеңберінде педагогтің цифрлық құзыреттілігінің құрылымын айқындау;
2) «Коллаборация» ұғымының мәнін «кооперация-коммуникация-координация-креативтілік» тұрғысынан ашу;

3) Болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында құрылған педагогикалық консорциум және педагогикалық білім беру порталының артықшылықтарын ашып көрсету.

Болашақ педагогтің цифрлық құзыреттілігі – ақпаратты өңдеу және пайдалану, оқу процесінің бар мүмкіндіктерді кеңейтумен байланысты мәселелерді қою, ұтымды шешу және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен цифрлық технологияларды қолдану дағдыларының жиынтығы [2, 48 б.].

Қазіргі кезеңде цифрлық құзыреттілік ақпараттық кеңістікте ақпаратты іздеу, әлеуметтік серіктестік құру, нақты ақпаратты таңдау және кәсіби маңызды ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау арқылы зерделенеді.

Материалдар және зерттеу әдістері. Еліміздің экономикасы қарыштап дамып жатқан қазіргі кезеңде өз іс-тәжірибесінде технологиялар мен платформаларды тиімді қолдана алатын педагогтерді даярлауды талап етеді. Білім беруді цифрландыруға қойылатын басты талап – «субъект-субъект» аясында белсенді оқытуды жүзеге асыруға ықпал ететін білім беру пәндерінің цифрлық оқу-әдістемелік кешенін жасақтау.

Білім беру сапасы, оқыту технологиясын таңдау көптеген факторларға байланысты болады: цифрлық технологиялар мен платформалардың ең тиімдісін таңдай алу, оқушылардың пәнге деген сұранысын толықтай қанағаттандыра алу, сыни тұрғыдан ойлай алу қабілеті, эмпатия мен рефлексия жасауға дағдылану қабілеттілігі.

«Дағды» ұғымы жаңа педагогикалық ғылыми тұжырымдамалардың өмірге келуіне қатысты әлемдік деңгейде танылды. «ХХІ ғасыр дағдылары» педагогикалық құзыреттіліктің құрамына енеді. ЭЫДҰ(ОЕСД, 2016) атап өткендей, «цифрлық дағдылар – толастаған ақпараттарды басқару, мәлімет алу және алмасуда, желілік-серіктестік құруда, цифрлық аймақта өзара ынтымақтастық орнатуда, цифрлық технологиялар мен платформаларды тәжірибеде адамдарға зиян келтірмейтіндей қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ететін дағдылар» [3, 27 б.].

Цифрлық технологиялар болашақ педагогтерге өз пәні саласында жаңа білімді жете меңгеруге, болашақта инновациялық технологияларды тиімді пайдалануға және оқытудың белсенді әдістерін сапалы іріктеуде көмектеседі.

Ғалым К.Редкердің (2017ж.) зерттеуіне сүйенсек, болашақ педагогтердің меңгеруіне қажетті құзыреттіліктердің бастысы – цифрлық құзыреттілік [4, 9 б.].

Болашақ педагогтің цифрлық құзыреттілігі жаңа ақпаратты алу, сұрыптау, зерделеу және ең тиімдісін ғана іс-тәжірибеде пайдалана алу дағдылары жиынтығымен айқындалады.

«Цифрлық құзыреттілік» ұғымын зерттеген ғалымдардың бірегейі Р.А.Крумсвик цифрлық дағдылар мен цифрлық дағдыларды цифрлық құзыреттіліктің құрамдас бөліктері ретінде қарастырады: «Цифрлық құзыреттілік – білім беруді цифрландыруда педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды шебер меңгеруі» [5, 50 б.].

Цифрлы білім беру ортасы болашақ педагогтер және тәжірибелі педагогтер үшін де жаңа білім мен технологияларды меңгеретін цифрлық ресурстарды пайдаланушыдан жаңа, тіпті авторлық жаңа цифрлық ресурстарды өмірге алып келетін әдістемелік алаң болып табылады.

БҰҰ-ның берген анықтамасына (2017 ж.) сүйенсек, цифрлық білім беру ортасы– білім алушының тұрған жеріне және уақытына қарамастан білім алуды қашықтан да ұйымдастыруға мүмкіндік беретін цифрлы білім беру ресурстарын қолдануға жол ашатын ақпараттық-телекоммуникациялық кешен болып табылады [6, 111 б.].

Болашақ педагогке қажетті құзыреттер жиынтығының күрделілігіне қарамастан, болашақ педагог оқу барысында меңгеруі тиіс белгілі бір құзыреттілік өлшемі бар (Еуропа комиссиясы, 2013; Blömeke және т.б., 2015), атап айтқанда:

1) Оқыту мен оқуға арналған білім базасы: білім беру бағдарламалары; таным теориялары; бағалау; цифрлық құзыреттер; оқытумен байланысты пәндік дидактиканы білу, сыныпты басқару және оқыту дағдылары;

2) Когнитивтік дағдылар: метатаным, сыни тұрғыдан ойлау және кез келген мәселені тиімді шеше білу;

3) Әлеуметтік дағдылар: жұмыс ортасын жақсарту үшін педагогтер қауымымен диалог құру және ынтымақтастық орнату үшін тұлғааралық, рефлексиялық және зерттеушілік дағдылар;

4) Тұлғалық дағдылар: ынта, өзіне деген сенімділік, жалпыадамзаттық құндылықтар, үздіксіз кәсіби даму, серіктестік орнату; әртүрлілік және инклюзия;

5) Кәсіби жарамдылық: болашақ педагогтердің контекстіне және қажеттіліктеріне сәйкес бейімделу, тұрақтылық, стресті басқару [7, 9 б.].

Metsäpelto және басқалардың (2020) зерттеулері бойынша педагогикалық құзыреттіліктер үш деңгейге бөлінеді:

1) Жеке және топтық деңгей: оқушылардың оқуға қатысуын қолдау; оқушыға бағытталған әдістер және диалогтік оқыту; топтық жұмысты ұйымдастыру; эмоционалды-педагогикалық қолдау көрсету.

2) Ұйымдастыру деңгейі: оқу процесін жоспарлау және дайындау; ата-аналармен ынтымақтастық; кәсіби қоғамдастықпен ынтымақтастық; болашақ педагогтердің кәсіби дамуы мен көшбасшылығы.

3) Аймақтық, ұлттық және жаһандық: білім алушылардың азаматтық белсенділігін арттыру; ұтымды әңгіме құру; диалогты дамыту; білім алушылардың ғаламдық санасы және әмбебап құзыреттілігі; жоғары азаматтық сапаға ие [8, 967 б.].

Цифрлық құзыреттілік – педагогтердің бос уақытында қарым-қатынас үшін ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануы, ақпаратты сақтау, ақпарат алмасу, цифрлық салада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қауіпсіз таңдау, сенімді, цифрлық ортада цифрлық мазмұнмен тиімді жұмыс істеу және т.б.

А.Тұралбаева және т.б. (2021) ғалымдардың зерттеуі бойынша болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру болашақ педагогтердің цифрлық құрылғылармен тиімді жұмыс жасай алуымен сипатталады (цифрлық оқыту платформасы, білім беру сайттарымен және порталдарымен жұмыс істей білуі; компьютерлік бағдарламалармен және мультимедиялық құрылғылармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруі) [9, 799 б.].

Educause Horizon Report (2021) цифрлық құзыреттілік классификациясын ұсынады, ол 5 бағытты қамтиды: ақпараттық сауаттылық; байланыс және ынтымақтастық; цифрлық мазмұнды құру; қауіпсіздік; мәселені шешу [10, 5 б.].

Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін шығару үшін зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістері пайдаланылды: тест, онлайн-сауалнама, педагогикалық эксперимент, SWOT-талдау және т.б.

Мәселен, зерттеу барысында болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілік деңгейлерін анықтау мақсатында «Цифрлы оқыту технологиялары» бойынша Менің білетінім» және «Коллаборативті зерттеулердің ерекшеліктері» тақырыптарына онлайн-сауалнама мен тест алынды, нәтижесі зерделенді.

Сондай-ақ, болашақ педагогтермен «Цифрлы білім беру платформалары» тақырыбына педагогикалық коуч жүргізілді және «Ең тиімді цифрлы білім беру платформалары» тақырыбына республикалық байқау ұйымдастырылды, педагогикалық мониторинг жасалынды.

Жаңа Қазақстанда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында қазақстандық ЖОО-ны арасында педагогикалық консорциум құрылды: инновациялық педагогикалық іс-тәжірибені үйрену, зерттеу, қолдану, насихаттау мақсатында цифрлы педагогикалық хаб жасақталды; ақпараттық банк құрылды; педагогикалық білім беретін портал ашылды.

Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беруді жақсарту аясында коллаборативті цифрлы білім беру аясын қалыптастырудың деңгейлері мен көрсеткіштері анықталып, диагностикалық сараптама жасалынды.

Талқылау. ҚР-да үздіксіз педагогикалық білім берудің әлеуетін күшейту үшін ЖОО-ның материалдық-ресурстық және кәсіби-педагогикалық әлеуетін біріктіру қажет-ақ: желілік ынтымақтастық; әлеуметтік серіктестік және т.б.

Коллаборативті цифрлы ортада болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін олардың цифрлық сауаттылықтарын жетілдіру керек.

«Цифрлық сауаттылық» ұғымына зерттеушілер әртүрлі анықтама ұсынады: «цифрлық сауаттылық-экономикалық және әлеуметтік өмірге қатысу үшін цифрлық құрылғылар мен желілік технологияларды пайдаланып, ақпаратты қауіпсіз басқару және оған қол жеткізу» [11, 7 б.; 12, 19 б.].

Цифрлық білім беру ортасы білім сапасын арттыруды көздейтін оқытуды дербестендіретін даму ортасы болып табылады: болашақ педагогтер топтық жұмыс жасау, кез кезген мәселені ұтымды шешу, рефлексия жасауды үйренеді.

ISTE білім берудегі ақпараттық технологияларды дамытудың халықаралық қауымдастығы әзірлеген стандарттар да білім берудегі цифрлық технологиялардың жаңа рөлін негізге ала отырып, білім беру үдерісіне қатысушылардың АКТ құзыреттілігін және цифрлық құзыреттілігін анықтайды [13, 15 б.].

DigCompEdu және ISTE стандарттар шеңбері бірөлшемді және педагогтің кәсіби қызметін бағалаудың бағыттарын анықтайды. DigCompEdu алты тақырыптық бағытқа бөлінген 22 құзыретті қамтиды: «Кәсіби шеберлік», «Цифрлық ресурстар», «Оқыту», «Бағалау», «Оқушылардың мүмкіндіктерін кеңейту», «Оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту» және т.б. [14, 58 б.].

DigCompEdu стандарты шеңберінде педагогтің цифрлық құзыреттілігі 6 деңгейімен ажыратылады: жаңадан бастаушы педагог (жас маман), зерттеуші педагог, педагог-интегратор, сарапшы педагог, көшбасшы педагог және жаңашыл педагог.

1-суретте педагогтердің Еуропалық цифрлық құзыреттілік шеңберінің мазмұны ашылды.

Цифрлық білім беру ортасы болашақ педагогтерге білім сапасын тексеруді автоматтандырудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін меңгертуге кеңінен жол ашады.

Коллаборация – «kollaboration» ағылшын тілінен енген сөз; тікелей аудармасы – «кооперация»; «бірлескен», «ынтымақтастық», «ұжым», «топ», «бірге орындау», «жалпы» деген синонимдермен айқындалып, ынтымақтастықтың бірлескен қызметі ретінде анықталады.

Шетелдік ғалымдардың (S.Amara, J.Macedo, F.Bendella, A. Santos, D.Engelbart) зерттеулеріне сүйенсек, коллаборация бөлек қол жеткізуге болмайтын мақсатқа жету үшін екі немесе одан да көп қатысушыларды біріктіретін интерактивті процесс әрі қауымдастырылған әрекет ретінде қарастырылады [15, 266 б.; 16, 54 б.].

Е.С.Полат (2023), А.А.Незнанов және басқада зерттеушілер (2019) цифрлық ортада мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі қалыптасқан кезде модератор, тәлімгер, фасилитатор, тренер сияқты рөлдерді оңай орындай алады деп есептейді [17, 214 б.; 18 105 б.].

Білім беру ортасындағы коллаборация кеңірек қарастырған А.В.Куликов (2012): «коллаборация – бұл білім беру философиясы, бірлескен іс-әрекеттің, оқудың және кәсіби-академиялық әрекеттестіктің бастапқы тұжырымдамасы» – деп, атап өтсе, ал зерттеушілер M.Laal, S.M. Ghodsi (2012) коллаборацияны білім алушылар өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік алатын және құрбыларының қабілеттері мен үлестерін құрметтейтін оқу әрекетінің философиясы ретінде анықтайды [19, 106 б.; 20, 487 б.].

D.W. Johnson және т.б. зерттеушілер білім берудегі ынтымақтастықты конструктивті оқыту теориясына негіздейді: білімді оқушылардың өздері жасайды және оны түрлендіреді; мұғалім оқытудың белсенді әдістерін қолдану және топтық өзара әрекетті ұйымдастыру арқылы тиісті педагогикалық жағдайларды жасайды [21, 509 б.].



1-сурет – Педагогтердің Еуропалық цифрлық құзыреттілік шеңбері

Коллаборативті цифрлық білім беру ортасында қатысушылардың рөлдері өзгереді: мұғалім түсіндіру-баяндау әдісінен әрекетке көшеді; мұғалім оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы және үйлестіруші болады; білім алушы өз білім беру траекториясын құру мүмкіндіктерін кеңейтейді; мұғалім білім беру процесін бақылауды автоматтандыра алады; оқушының жеке білім беру траекториясын дамытады.

Жүргізілген зерттеулердің негізінде ҚР жоғары оқу орындарының бірлескен цифрлық білім беру ортасын құру ерекшеліктері анықталды: қазақстандық жоғары оқу орындарының ішкі академиялық ұтқырлығы артады; әрбір жоғары оқу орны басқа қазақстандық жоғары оқу орындарының цифрлық білім беру ресурстарын пайдалануға кең мүмкіндік ашылады; бәсекеге қабілетті, цифрлық құзыреттілігі дамыған білікті болашақ педагогтер даярланады.

ҚР-да педагогикалық білім беру жүйесін жаңғырту аясында ЖОО-ы арасында коллаборативті цифрлық білім беру ортасын құру мақсатында қазақстандық педагогикалық мамандарды шығаратын ЖОО-ы арасында консорциум құрылды; консорциумға кіретін ЖОО-мен бірлескен конференциялар, форумдар, әдістемелік семинарлар, вебинарлар, коучингтер ұйымдастырылды.

«Коллаборация» ұғымын «кооперация – ұжымдасу(бірігу); коммуникация – байланыс жасау; координация – үйлестіру; креативтілік – табысты әрекет» тұрғысынан қарастыруға болады (2-сурет).

Педагогикалық консорциум, педагогикалық коллаборацияның төмендегідей артықшылықтары бар:

1) қазақстандық ЖОО-ның ғылыми-зияткерлік әлеуеттік ресурстарын бір арнаға шоғырландырады және ЖОО-да ішкі, сыртқы академиялық ұтқырлықтарды жандандырады;

2) пәннің цифрлық оқу контенттері (электронды оқулық, мультимедиялық оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, педагогикалық кейстер, энциклопедия, электронды сөздіктер, электронды портфолио, педагогикалық практика күнделіктерін және т.б.) сапалы дайындалады және ортақ пайдалануға мүмкіндік туады.

3) қазақстандық ЖОО-ның инновациялық тәжірибелерін ынтымақтастықта үйрену, зерттеу, пайдалану және насихаттауға кең жол ашылады; педагогикалық білім беру сапасы артады;

4) коллаборативті цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру бойынша инновациялық-ақпараттық банк қоры жасақталды.



2-сурет – «Коллаборация» ұғымының «4К» сипаттамасы

ЖОО-ның педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту үшін М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университеті, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті арасында коллаборативті педагогикалық консорциум құрылды. Дулати университеті базасында болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын қалыптастыру; болашақ педагогтердің өздігінен білім алуына дайындығын жетілдіру; болашақ педагогтің цифрлық технологияларды оқу-тәрбие процесіне тиімді қолдана алуын қамтамасыз ету болашақ педагогтердің танымдық белсенділіктерін және ақпараттық, шығармашылық құзыреттіліктерін дамыту; болашақ педагогтердің цифрлық-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыруды көздейтін жаңа <https://edu-collaboration.kz> қазақстандық педагогикалық білім беру порталы ашылды.

Педагогикалық білім беру порталының артықшылықтары: білім алушылармен және әріптестерімен цифрлық-желілік байланыс мүмкіндіктерін үйрету және цифрлық ортада оқытушылармен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамыту; оқу материалын құру және ақпаратты қорғау тәсілдері туралы білімдерін тереңдету (ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе біржақты ақпаратты анықтау), цифрлық технологияларды қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану; білім беру проце-

сінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау; білім алушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін цифрлық құралдарды пайдалануды үйрену және олардың қосымшасын жасай алу [22, 110 б.].

https://edu-collaboration.kz/педагогикалық_білім_беру_порталының_Бас_мәзірі_4_блок_тан_тұрады: «Біз туралы» блогы; «Жоба туралы» блогы; «Байланыс» блогы; «Жаңалықтар» блогы.

<https://edu-collaboration.kz/> педагогикалық білім беру порталы болашақ педагогтерді цифрлы ортадағы педагогикалық процестің қыр-сырымен таныстырып, болашақ педагогтердің өзінің кәсіби қызметіне жүйелі көзқарасын және кәсіби маңызды жеке тұлғалық сапасын қалыптастырады; болашақ педагог цифрлы платформалардың түрлерімен, қыр-сырымен танысады, цифрлы технологияларды меңгереді.

Жоба аясында ұйымдастырылған Халықаралық онлайн-байқауға қатысқан болашақ педагогтердің үздік деп танылған жұмыстары педагогикалық білім беру порталының «Педагогикалық технология» блогына жүктелді.

Кез келген болашақ педагог порталға жүктелген видеоконтенттерді көру арқылы өз білімдерін жетілдіріп, цифрлы құзыреттілігін қалыптастыра алады.

Ғалымдардың зерттеулері бойынша коллаборативті цифрлық ортада болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыруда болашақ педагог өз бетінше кәсіби біліктілігін жетілдіре алады; болашақ педагогтің танымдық белсенділігі артады; болашақ педагогтің креативті ойлауы қалыптасады; болашақ педагогтің шығармашылық ізденісі қалыптасады; ең бастысы педагог өз бетінше инновациялық білімді игереді; өзін-өзі дамытады [23, 121 б.].

Педагогикалық білім беру порталының «Әдістеме» блогында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында аталмыш Жоба аясында арнайы ұйымдастырылған «Цифрлы оқыту технологиялары» онлайн курсының ережесі және жоспарланған әрбір тақырыптың ресурстары берілді: теориялық материал; тақырыптың презентациясы; курсқа қатысқан болашақ педагогтердің цифрлы технология және цифрлы платформалар бойынша меңгерген жаңа білімдерін бағалауға, тексеруге арналған тест сұрақтары берілді.

